18.04.2025-ғы № 01-01-15-03/Д-394 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СУ РЕСУРСТАРЫ
ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ВОДНЫХ РЕСУРСОВ И
ИРРИГАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 16В кіреберіс
тел.: +7 7172 74-14-55, 74-03-64,74-11-79,
e-mail: kense@minsu.gov.kz; 74-05-36

010000, г. Астана, проспект .Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 16В подъезд
тел.: + 7 7172 74-14-55, 74-03-64, 74-11-79,
e-mail: kense@minsu.gov.kz; 74-05-36

_____№_____
_____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 27 наурыздағы
№ ДС-145 депутаттық сауалдарыңызға

Құрметті депутаттар!

Су ресурстары және ирригация министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Атырау облысындағы су шаруашылығы имараттары бойынша төмендегі мәліметтерді жолдайды.

Бүгінгі таңда, Атырау облысында орналасқан республика теңгеріміндегі барлық су шаруашылығы нысандар Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі О.А. Бектеновтің 24.04.2024 жылғы хаттамасына және Атырау облысы әкімінің 05.12.2024 жылғы №259 қаулысына сәйкес Атырау облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Табиғат» ШЖҚ КМК коммуналдық меншігіне берілді. Су шаруашылығы нысандарының одан әрі басқаруды аталған жергілікті орган жүзеге асыратын болады.

Атырау облысы әкімдігінің мәліметі бойынша, Исатай ауданында орналасқан су шаруашылығы нысандарында келесідей жұмыстар жүргізілуде:

1) «Нарын» каналының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге 2025 жылға 70,0 млн.теңге жергілікті бюджет есебінен бөлу жоспарлануда. Жоба әзірленгеннен кейін қаржыландыру көзі қарастырылатын болады.

2) «Бақсай» каналын күрделі жөндеу жобасын іске асыру 2022 жылы басталды, мердігер «Гидро құрылыс» ЖШС. Келісім-шарт бойынша жұмыстардың жалпы құны 1022,9 млн. теңгені құрайды, оның ішінде игерілгені 284,1 млн.теңге. Бүгінгі күні құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты жобаның сметалық құнын түзету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

3) «Сборный» каналы бойынша 2021 жылы облыстық бюджет есебінен қаражат бөлініп «Атырау облысы Махамбет, Исатай аудандарын суармалы егістік және жайылымдық жерлерін сумен қамтамасыз етіп отырған «Сборный» суару суландыру жүйесін күрделі жөндеу» жобасы әзірленген. Жобаны іске асыруға қаражат қарастырылмауына байланысты, сараптама қорытындысының

18.04.2025 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) Копия электронного документа.

мерзімі өтіп кеткен. Бүгінгі таңда, жобалық сметалық құжаттарды қайта түзету мақсатында, жергілікті бюджет есебінен 15,48 млн.теңге қаражат қарастырылуда. Құрылысына қаражат бөлу 2026-2027 жылдарға жоспарланған.

Одан бөлек облыс аумағындағы орналасқан «Ақсай», «Есбол-Қазыбай», «Бағырлай», «Құрайлы сай», «Кобяково-Забурунье» және «Ералы су торабының» және т.б. нысандар бойынша жобалар іске асырылуда. Жобаларды нысаналы трансферттер бағдарламасы аясында қаржыландыру мақсатында бюджеттік өтінім берген жағдайда, Министрлік міндетті түрде өтінімдерді қарастыратын болады.

Сонымен қатар, Министрлік сметалық құнын түзетуге және оның қымбаттауын қарауға қатысты жобаларды республикалық бюджет комиссиясына (бұдан әрі – РБК) жіберді. 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 27 хаттамаға сәйкес мынадай жобалар: «Атырау облысы Индер ауданының «Бағырлай» каналын реконструкциялау», «Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы «Кобяково-Забурунье» каналын жаңғырту», «Атырау облысы Индер ауданының «Құрайлы сай» каналын реконструкциялау», «Атырау облысы Қызылқоға ауданының «Ералы су торабындағы» гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау» республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысын алды және бүгінгі күні түзету рәсімінен өтуде.

Сондай-ақ, Министрлік жобаларды аяқтау үшін Атырау облысының 2025-2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспарына күрделі жөндеу бойынша екі жобаны («Бақсай», «Есбол-Қазыбай») және 5 арнаны («Жасқайрат», «Есіркеп», «Ақай», «Мартыши», «Соколок») енгізу туралы ұсыныс хат жолдады. Атырау облысының әкімдігі 20.02.2025 жылғы № 06-01-05-03-1/1668 хатпен жобалардың іс-шаралар жоспарына енгізілгенін растады.

Су шаруашылығы саласындағы кадр тапшылығының мәселесін шешу мақсатында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерімен бірлесіп Су шаруашылығы саласына мамандар даярлау бойынша 2024-2025 жж. арналған Жол картасын қабылдады (бұдан әрі – Жол картасы).

Жол картасы 28 іс-шарадан тұрады. Мұнда су саласының мамандарына еңбек нарығындағы қажеттілікке, оның ішінде гидролог, сумен жабдықтау, су ресурстарын басқару және т.б. қажеттілігіне талдау жүргізу; білім беру бағдарламаларын жаңарту; су шаруашылығы саласына кадрлар даярлайтын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту көзделген.

Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған Тұжырымдамасына сәйкес су саласына мамандар даярлау үшін жаңа кәсіптік стандарттарды және білім берудің инновациялық әдістерін қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу көзделген.

Су шаруашылығы саласына кадр даярлаудың сапасын көтеру туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында (Үкіметтің 2024 жылғы 16 шілдедегі № 567 қаулысымен) «Қазақ Ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» құрылды.

2024 жылы «Қазсушар» РМК 500-ден астам маман жоғарылату курстарынан өтті. Бұл оқытуларды жыл сайын тұрақты түрде іске асыру жоспарланып отыр.

Жалпы су саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру жұмыстары Министрліктің тұрақты бақылауында.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің м.а. **Н. Алдамжаров**

Орын: Б. Ақылбек
Тел: 741366

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СУ РЕСУРСТАРЫ
ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ВОДНЫХ РЕСУРСОВ И
ИРРИГАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

2025 жылдың 15 сәуірі № 384

Іссапарға жіберу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57 және 38 баптарына, «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулыларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты Абай облысының Су саласы нысандарын аралау және су үнемдеу мәселесі бойынша Семей қаласының мектеп оқушыларымен кездесу мақсатында 2025 жылғы 16 сәуірден бастап 18 сәуір аралығында (қоса есептегенде) Семей қаласына іссапарға шығамын.

2. Күнтізбелік 3 күн көлемінде тәуліктік ақысы, күнтізбелік 2 күнге тұрғын үй жалдау және эконом. класстың тарифімен әуе көлігі жолымен Астана-Семей-Астана бағыты бойынша жол жүру шығындары Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің қаражаты есебінен өтелсін.

3. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министрі Нурлан Жанузакович Алдамжаровқа жүктелсін.

Министр **Н. Нұржігітов**

Орындаушы: А.Е. Мұрынбаева; Айы-күні: 15.04.2025ж.; Құжат «Е-қызмет» жүйесінде дайындалған